

Жер салығының мөлшерлемелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 35/527 шешімі

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 582-бабының 1-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерінен басқа, Салық кодексінің 577 және 578 баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері елу пайызға арттырылсын.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының
төрағасы*

Е.Тұтқышев